

1 маусым 2026

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨҢДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Жаңа тапсырыс саны қайта кеміді,
өндіріс көлемінің қысқаруы да бәсеңдеді

1 маусым 2026

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨҢДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Мазмұны

Негізгі тұжырымдар

Шолу

Пікір

Өндіріс пен сұраныс

Жұмыспен қамту және
өндіріс қуаты

Жеткізу тізбегі

Инфляция

Өңдеу өнеркәсібі
салалары

Халықаралық PMI

Әдістеме

Қосымша ақпарат

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® өндірістік көрсеткіштерді уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Мамыр 2026

Жаңа тапсырыстар саны аздап кеміді

Өндіріс көлемі және жұмыспен қамту өсімінің бәсеңдегені байқалды

Аяқталмаған жұмыс көлемі мен дайын өнім қорының қысқаруы рекордтық көрсеткіш көрсетті

PMI® өндірістік көрсеткіштерді уақтылы баяндап отырады. Ол жаңа тапсырыстар, өндіріс, жұмыспен қамту, жеткізу мерзімі, сатып алулар қоры бойынша айлық өзгерістерді бақылап отыратын бес қосалқы индекстің орташа мәні. Әр қосалқы индекс 0 мен 100 аралығында және бұл «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауаптар пайызының жарты мәні. 50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден төмен мән кемуді білдіреді. Индекстер маусымға қарай түзетіліп отырады. PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін [мына жерді](#) басыңыз.

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы өңдеуші
салалар бойынша PMI
Мамыр 2026

49.0

ЖАҢА ТАПСЫРЫСТАР САНЫ ҚАЙТА КЕМІДІ, ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ҚЫСҚАРУЫ ДА БӘСЕҢДЕДІ

Мамырда Қазақстан өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары үшін іскери ахуал күрделі күйінде қалды.

Жаңа тапсырыстар саны қайта кемуі тіркелді, сәуірге қарағанда баяу болса да, өндіріс көлемі мен жұмыспен қамту деңгейі қысқаруды жалғастырды. Алдын-ала түскен тапсырыстарды орындауға және оларды тұтынушыларға уақытында жеткізуге бағытталған күш-жігер нәтижесінде дайын өнім қоры мен аяқталмаған жұмыс көлемі де рекордтық деңгейде қысқарды.

Бұған қоса, екінші тоқсанның ортасында ресурс құны мен дайын өнім бағасының өсу қарқыны баяулады.

Freedom Holding Corp. ұсынған Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі PMI® (Сатып алу менеджерлерінің индексі™) мамыр айында сәуірдегі 48,9 мәнімен шамалас, 49,0 болды және отандық өндірушілер үшін іскери ахуал әр ай сайын аздап төмендей бастағанын аңғартады. Сектордың жағдайы қатарынан бес ай бойы нашарлап келеді.

Сәуірдегі өсімнен кейін, мамырда жаңа тапсырыс көлемі қайта қысқару аймағына өтіп, ай ішінде сәл төмендеді. Респонденттер тұтынушы сұранысы төмендеп, қаржыландыруда түйткіл туғанын атап өтті.

Мамырда жаңа тапсырыс санының қайта кемуі өндірушілердің өндіріс көлемінің қысқаруына әкеп соқты, бұл қатарынан бес ай бойы байқалып отыр. Десе де, компаниялар алдын ала түскен тапсырыстарды орындағандықтан, бұл жолғысы

қысқару кезеңіндегі ең әлсіз көрсеткіш болды.

Аяқталмаған тапсырыстарды орындау және дайын өнімді тұтынушыларға уақытында жөнелту жұмыстары жиналып қалған тапсырыстар мен дайын өнім қорының күрт азаюына ықпал етті. Екі жағдайда да қысқару көлемі зерттеу басталған 2019 жылғы наурыздан бергі ең жоғары мәнге жетті.


Өндірістегі жағдай іспетті, мамырда жұмыспен қамтуда да қарқын баяулады және төрт айдағы ең төмен деңгейге түсті. Қызметкерлер санының қысқаруын, респонденттер, көбіне қызметкерлердің өз еркімен жұмыстан шығуымен байланыстырды. Мамырдағы деректер сатып алудағы белсенділік тұрақталғанын көрсетті, осылайша төрт айға созылған кезең аяқталды.

Дегенмен, сатып алынған қор сарқылуын жалғастырды, өйткені ресурс негізінен тікелей өндірісті қолдауға жұмсалды. Бұған қоса, өңдеуден өтпеген ресурс қорының сарқылу қарқыны айтарлықтай жоғары және 2023 жылғы наурыздан бергі ең жылдамы болды.

Тасымалдаушылардың жүк жеткізу мерзімі тағы да аздап ұлғайғаны тіркелді, респонденттер мұны логистикалық түйткіл, шекарадағы кідірістермен байланыстырды.

Мұнымен қатар, шикізат құнының қымбаттауы екінші тоқсан ортасында ресурс бағасының одан әрі айтарлықтай шарықтауына әкеп соқты. Дегенмен инфляция қарқыны бәсеңдеп, орташа көрсеткіштен төмен болды.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дерек 2024 ж. 12-21 мамыр аралығында жиналған. Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

Мамырда дайын өнімді сату бағасының инфляциясы да бәсеңдеді, ай ішінде тарифтер аздап қана өсті. Кей кәсіпорындар ұлғайған шығынның салмағын тұтынушылар қалтасына жүктесе, басқалары бәсекелестікке төтеп беру үшін сату бағасын арзандатты.

Мамырда жаңа тапсырыс көлемі ұлғаяды деген үміт алдағы жылы өндіріс көлемі өседі деген сенімді қолдады. Соған қарамастан, күрделі экономикалық жағдайдағы белгісіздік іскери сенімге қатысты оптимизмнің сәуірге қарағанда төмендеуіне түрткі болды.

ПІКІР

Салтанат Мұхамбеталиева, Freedom Holding Operations ЖШС Экономикалық зерттеулер және талдау басшысы:

«Мамыр айында Қазақстанның өңдеуші салалары қарама-қайшы сигнал берді — наурыз айындағы төменгі деңгейден кейін өндіріс пен сатып алу белсенділігі индекстерінің біртіндеп қалпына келуі операциялық буфердің күрт қысқаруымен қатар жүрді: аяқталмаған тапсырыстар мен


дайын өнім қорларының индекстері күрт төмендеп, соңғы жеті жылдағы ең төменгі деңгейге жетті. Бұл әлсіреп жатқан сұраныс пен күшейіп келе жатқан логистикалық және қаржылық шектеулер жағдайында қысқа мерзімді процестерге бағытталған неғұрлым бейімделгіш өндірістік модельге көшу жүріп жатқанын көрсетуі мүмкін. Алдағы 12 айға арналған бизнес-күтілімдер айлық тұрғыда елеулі түзету көрсеткенімен, оптимизм аймағында сақталып отыр, бұл жаңа тапсырыстар ағыны мен шығын қысымының одан әрі бәсеңдеуі жағдайында қалпына келуі әлеуетін көрсетеді».

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және
талдау басшысы
Freedom Holding Operations ЖШС
[saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.
group](mailto:saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.group)
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған. Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.




ӨНДІРІС ПЕН СҰРАНЫС

Мамырда Қазақстанда өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі төмендеуді жалғастырғанымен, құлдырау қарқыны қатарынан бес ай байқалған қысқару кезеңіндегі ең әлсізі болды.

Жаңа тапсырыстар санының қайта кемуі кей кәсіпорындардың өндіріс көлемін қысқартуына алып келді, алдын ала түскен тапсырыстарды орындау жұмыстары құлдырау қарқынын бәсеңдетті.

Жаңа тапсырыстар саны соңғы бес айда төртінші рет кеміді, бұл жолғысы шамалы ғана болды. Респонденттер қаржыға қатысты түйткілдер тұтынушылар сұранысының төмендеуіне түрткі болғанын атап өтті.

Мамырда іскери сенімге қатысты оптимизм соңғы төрт айдағы ең төмен деңгейге түсіп, жалпы орташа көрсеткіштен төмен болды. Бірқатар кәсіпорындар алдағы жылы жаңа тапсырыстар саны артып, өндіріс көлемі өседі деп үміттенсе, өзгелері қазіргі күрделі экономикалық ахуалды ескере отырып, болашақта белгісіздік басым екенін атап өтті.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ҚУАТЫ

Өндірушілер мамырда жұмыспен қамтуды төртінші ай қатарынан қысқартты.

Қысқарту қарқыны тым төмен және осы кезеңдегі ең әлсізі болды. Штат санының азаюын респонденттер негізінен қызметкерлерің өз еркімен жұмыстан шығуымен байланыстырады.

Бейресми деректерге сәйкес, мамырда өнім өндірушілер алдын ала

түскен тапсырыстарды орындаумен айналысқан және дайын болғанына қарай, өнімдерді бірден жөнелтіп отыр.


Бұл дайын өнім қорының да, орындалмаған тапсырыс көлемінің де күрт қысқаруына әкелді.

Сонымен қатар, екі жағдай бойынша қысқарту қарқыны, зерттеу басталған 2019 жылғы наурыздан бергі ең жоғарғы мәнде тіркелді.



■ Жұмыспен қамту
■ Орындалмаған жұмыс
■ Қоймадағы дайын тауарлар

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІ


Мамырда сатып алу белсенділігі тұрақталып, төрт айға созылған құлдырау кезеңін аяқтады.

Сұраныс бәсеңдеп, қаржыландыруға қатысты туындаған түйткіл кей кәсіпорындардың ресурс сатып алуды қысқарта беруіне себеп болса, өзгелері соңғы айларда сұраныс жақсара бастағанының алғашқы белгісі мен болашақтағы жоспарлары үшін сатып алу көлемін ұлғайтты.


Сатып алынған қорлар азая берді, өйткені шикізат пен материалдар тікелей өндірісті қолдауға жұмсалды. Ал, қордың сарқылу қарқыны елеулі деңгейде және 2023 жылғы наурыздан бергі ең айқын көрсеткіш болды.

Сол арада, мамырда да тасымалдаушылардың жүк жеткізу мерзімі ұзарып, қатарынан төртінші ай бойы осы үрдіс байқалды.

Респонденттердің айтуынша, жеткізу мерзімінің ұзаруына логистикалық кедергілер мен шекарадағы кідірістер себеп болды.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



ИНФЛЯЦИЯ

Шикізат құнының қымбаттауы мамырда өндіріс ресурс бағасының ай сайынғы кезекті өсуіне әкеп соқты.


Ресурс шығыны айтарлықтай ұлғайды, десе де ол сәуірге қарағанда сәл төмен және қарқыны жалпы орташа көрсеткіштен баяу болды.

Сол сияқты, мамырда дайын өнім бағасының инфляция қарқыны да бәсеңдеді. Бұл жолғы өсім аз ғана болды.


Сату бағасының өсуі шикізатқа кеткен шығынды тұтынушы қалтасынан өндіріп алумен байланысты болды. Екінші жағынан, кей кәсіпорындар бәсекеге төтеп беру үшін өнім бағасын түсірді.



■ Ресурс бағасы
■ Дайын өнім бағасы
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАЛАРЫ

Негізгі деректер мамырда өңдеу өнеркәсібінде байқалған жаңа тапсырыстардың қайта кемуі негізінен іргелі металл өндірісі кәсіпорындарында шоғырланғанын көрсетті.

Тамақ өнімдері мен сусындар саласындағы жаңа тапсырыстар саны соңғы үш айда баяу қарқынмен өсе берді, ал химия және пластик өндірісіндегі жаңа бизнес жыл басынан бері алғаш рет өсім аймағына оралды.






Өндіріс көлеміне келсек, PMI қамтитын негізгі үш саланың бәрінде өндіріс қысқарғаны байқалды, бұл жағдай жұмыспен қамту саласына да қатысты.

Ресурстар құнының инфляция қарқыны металлургия, химия және пластик салаларында бәсеңдеді, бірақ тамақ пен сусын өндірісінде сәл өсті. Сондай-ақ үш секторда да дайын өнімді сату бағасының өсімі баяулады.

Тауар жеткізу мерзімі барлық салада ұлғайды, бұл кәсіпорындардың сатып алған қорды жинақтау мүмкіндігін шектеді. Әсіресе химия және пластик санатында тасымалдаудың кешігуі қатты сезілді.

Үш сала да алдағы жылда өнім өндіруге қатысты оптимизм танытты, дегенмен сенім деңгейі алдыңғы сауалнама кезеңіне қарағанда сәл бәсеңдеген.

- Негізгі металдар
- Химия және пластик өнімдер
- Азық-түлік пен сусындар




Ескерту: Салалық индекстер үш айлық жылжымалы орташа мәнді (3 мма) пайдаланып тегістелді.
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

- Негізгі металдар
- Химия және пластик өнімдер
- Азық-түлік пен сусындар


Қоймадағы дайын тауарлар

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Сатып алулар саны

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Сатып алулар қоры

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Жеткізіп беру уақыты

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда тезірек




Ресурс бағасы

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дайын өнім бағасы

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Ескерту: Салалық индекстер үш айлық жылжымалы орташа мәнді (3 мма) пайдаланып тегістеледі.
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ PMI

Өнім өндіру PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған


Сәуір 2026



Америка

■ US ■ CA ■ BR ■ MX

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.


Белгі (мәні)

US Құрама Штаттары
CA Канада
BR Бразилия
MX Мексика

Еуропа

■ EZ ■ GB ■ RU ■ TR

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

EZ Еуроаймақ
GB Біріккен Корольдік
RU Ресей
TR Түркия

Азия-Тынық мұхит аймағы

■ CN ■ JP ■ IN ■ ASEAN ■ KR ■ AU


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

CN Қытайдың ішкі өлкесі
JP Жапония
IN Үндістан
ASEAN - Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы
KR Оңтүстік Корея
AU Аустралия

■ Дамыған елдер ■ Дамушы елдер Сәуір 2026
X осі = PMI, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған Y = алты айлық орташа мәнмен салыстырғанда PMI өзгерген



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңге қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда тұрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

Баяулау

Алты айлық кезеңге қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде тұрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

Қысқару

Алты айлық кезеңге қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде тұрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

Қалпына келу

Алты айлық кезеңге қарағанда қысқару баяу қарқынды жүрген аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда тұрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтарлықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AT	Австрия	CN	Қытайдың ішкі өлкесі	ES	Испания	ID	Индонезия	JP	Жапония	MX	Мексика	PL	Польша	TR	Түркия
AU	Аустралия	CO	Колумбия	FR	Франция	IE	Ирландия	KR	Оңтүстік Корея	MY	Малайзия	RO	Румыния	TW	Тайвань
BR	Бразилия	CZ	Чех Республикасы	GB	Бірікке Корольдік	IN	Үндістан	KZ	Қазақстан	NL	Нидерланд	RU	Ресей	US	Құрама Штаттары
CA	Канада	GR	Грекия			IT	Италия	MM	Мьянма	TH	Тайланд	VN	Вьетнам		

ӘДІСТЕМЕ

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында

құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.


Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индекстің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индекстермен салыстырмалы бағытта қозғалатындай етіп алмастырылады.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Индекс түсіндірмесі

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Белгі (мәні)

- | | | | |
|---|------------------------------------|----|------------------------------------|
| 1 | Өзгеріссіз кезеңнен кейін өсім бар | 6 | Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау |
| 2 | Өсім бар, жедел қарқынмен | 7 | Құлдырау, жедел қарқынмен |
| 3 | Өсім, ұқсас қарқынмен | 8 | Құлдырау, ұқсас қарқынмен |
| 4 | Өсім, баяу қарқынмен | 9 | Құлдырау, баяу қарқынмен |
| 5 | Өсім бар, өзгеріссіз қалған | 10 | Құлдыраудан соң, өзгеріссіз |

Сауалнама ауқымы

250 өндіруші

Сауалнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

Сауалнама сұрақтары

Өндіріс, жаңа тапсырыстар, жаңа экспорттық тапсырыстар, болашақ өндіріс, жұмыспен қамту, орындалмаған жұмыс, қоймадағы дайын тауарлар, сатылым саны, жеткізіп беру уақыты, сатылым қоры, ресурс бағасы, дайын өнім бағасы

Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

10 Азық-түлік

11 Сусындар

12 Темекі өнімдері

13 Текстиль

14 Киім-кешек

15 Былғары және тері өнімдері

16 Ағаш және ағаш өнімдері

17 Қағаз және қағаз өнімдері

18 Баспа ісі және таспаға жазылған материалдарды көбейту

19 Көмір және мұнайдан өңделген өнімдер

20 Химия және химия өнімдері

21 Фармацевтика өнімдері

22 Резеңке және пластик өнімдері

23 Басқа да бейметалл минерал өнімдер

24 Негізгі металдар

25 Өңделген металл өнімдер

26 Компьютер, электроника және оптикалық өнімдер

27 Электр жабдықтары

28 Машина және басқа салаларға жатпайтын жабдықтар

29 Көлік құралдары, жүк көліктері, тіркемелер

30 Транспорттың өзге бөлшектері

31 Фурнитура

32 Өзге де өндіріс

33 Машиналар мен жабдықтарды орнату және өңдеу

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртарапандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 11,3 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 21 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және талдау басшысы
Freedom Holding Operations ЖШС
saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.group
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер
Экономика жөніндегі директор
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1491 461 016
andrew.harker@spglobal.com

Ханна Брук
EMEA елдері бойынша коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 7483 439 812
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдаспа деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.